

М.М. Мұратова* , **Ж.М. Медеубаева** , **Р.С. Елмурзаева** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: maria_muratova@mail.ru

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ПЕН ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЫҚПАЛЫ: ӨЛШЕМДЕРІ МЕН ҮДЕУ ҚАРҚЫНЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗ

Бұл мақалада Еуропалық Одақтың және Қытайдың Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстанның дамуына көрсететін ықпалына салыстырмалы талдау ұсынылады. Еуропалық Одақ пен Қытайдың көрсеткен көмегі жергілікті жерге қаншалықты әсер ететіні қарастырылады. Мақалада екі кейсті қарастыруға мүмкіндік беретін ситуациялық талдау әдісі қолданылады: «Еуропалық Одақтың Орталық Азия мен Қазақстандағы саясатының көріністері мен нәтижелері» және «Қытайдың Орталық Азия мен Қазақстандағы саясатының өлшемдері мен қарқыны». Еуроодақ соңғы екі онжылдықта жалпы Орталық Азия аймағына қомақты қаржы жұмсағанымен, Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі болуына қарамастан, 2013-2014 жылдардан бастап ықпалының төмендеу тенденциясы байқалады. Қытай, өз кезегінде, аймақтағы белсенділігін арттыруда. Алайда, әсіресе «Бір белдеу – бір жол» бастамасының «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы аясындағы көлік және электр инфрақұрылымын дамыту бағдарламаларына бөліп жатқан үлкен қаражатына қарамастан, Қытай жергілікті халық арасында, экономикалық және қаржылық тәуелділік қорқынышынан пайда болып отырған, негативті үрейге тап болып отыр. Қазақстанға ерекше көңіл бөлініп отырғандықтың басты себебі – оның Еуропалық Одақтың да, Қытайдың да Орталық Азия мемлекеттері арасында негізгі серіктесі болып табылатындығында болып отыр. Бұл екі аймақтық державаның ықпалы сипаты жағынан әртүрлі болып келеді, сондықтан да Қазақстан екі жақты серіктестікті, бұл ерекшеліктерді ескере отырып, өз пайдасына қарай дамытуды жалғастыруы керек.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Қазақстан, Қытай, «Бір белдеу – бір жол», даму мақсатындағы ресми көмек.

M.M. Muratova*, Zh.M. Medeubaeva, R.S. Elmurzaeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan,

*e-mail: maria_muratova@mail.ru

Impact of the European Union and China in Central Asia: a comparative analysis of the dimensions and dynamics of distribution

This article provides a comparative analysis of the influence of the European Union and China in Central Asia, including Kazakhstan. The question of the extent to which EU and Chinese aid has local impact will be considered. The article uses the method of situational analysis, which allows us to consider two cases: "The manifestation and results of the European Union's policy in Central Asia and Kazakhstan" and "The dynamics of the development of China's policy in Central Asia and Kazakhstan". Despite the fact that the European Union has invested heavily in the Central Asian region over the past two decades and is one of the main trading partners of Kazakhstan, from 2013-2014, there is a tendency towards a decrease in its influence. And China, in turn, is expanding the scale of its participation in the region. However, despite commitments from China, especially for the «Silk Road Economic Belt project» under «the Belt and Road Initiative» for the development of transport and electricity infrastructure, China faces negative perceptions among the local population related to the fear of economic and financial dependence. Special attention is paid to Kazakhstan due to the fact that it is the main partner among the countries of Central Asia, both the European Union and China. It is concluded that the influence of these two regional powers is different in nature, therefore, Kazakhstan should continue to develop bilateral cooperation in its favor, taking into account all these features.

Key words: European Union, Kazakhstan, China, "One Belt One Road", official development assistance.

М.М. Муратова*, Ж.М. Медеубаева, Р.С. Елмурзаева

Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан,

*e-mail: maria_muratova@mail.ru

Влияние Европейского Союза и Китая в Центральной Азии: сравнительный анализ измерений и динамики распространения

В данной статье представлен сравнительный анализ влияния Европейского Союза и Китая в Центральной Азии, включая Казахстан. Рассмотрен вопрос о том, в какой степени помощь ЕС и Китая имеет местное влияние. В статье используется метод ситуационного анализа, который позволяет рассмотреть два кейса: «Проявление и результаты политики Европейского союза в Центральной Азии и Казахстане» и «Динамика развития политики Китая в Центральной Азии и Казахстане». Несмотря на то, что Европейский Союз вложил значительные средства в центральноазиатский регион за последние два десятилетия и является одним из основных торговых партнеров Казахстана, с 2013-2014 гг. наблюдается тенденция к снижению его влияния. А Китай, в свою очередь, расширяет масштабы своего участия в регионе. Однако, несмотря на выделяемые суммы со стороны Китая, особенно на проект «Экономический пояс Шелкового пути» в рамках инициативы «Один пояс, один путь» в области развития транспортной и электроэнергетической инфраструктуры, Китай сталкивается с негативным восприятием среди местного населения, связанным со страхом экономической и финансовой зависимости. Особое внимание к Казахстану связано с тем, что он является основным партнером среди стран Центральной Азии как Европейского союза, так и Китая. Делается вывод, что влияние этих двух региональных держав отличается по характеру, поэтому Казахстан должен продолжать развивать двустороннее сотрудничество в свою пользу, учитывая все эти особенности.

Ключевые слова: Европейский Союз, Казахстан, Китай, «Один пояс – один путь», официальная помощь развитию.

Кіріспе

Бұл салыстырмалы талдау бірнеше себептерге байланысты өзекті болып келеді. Біріншіден, Қытай мен Еуропалық Одақ жалпы Орталық Азия аймағының дамуына көмектің негізгі көздері болғанымен (Peugouse, 2017), олардың Орталық Азиядағы донор ретіндегі ролі мен ықпалы академиялық әдебиеттерде әлі күнге дейін аз ескерілуде және бар зерттеулердің өздері жүйеленбеген. Екіншіден, олар әртүрлі типті донорлар болғанына қарамастан, Орталық Азияға салыстырмалы түрде ұқсас қызығушылықтармен келді (Peugouse, 2012). Екі жақ та аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін оның дамуына бөлінетін көмекке көп мән береді (Bossuyt, 2015). Алайда олардың дамуға қатысты жалпы көзқарастары қатты ерекшеленеді. Еуроодақ тұрақтылыққа инклюзивті және тұрақты даму әдістері арқылы жетуді көздесе, Қытай дамуды инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген экономикалық өсумен теңестіреді. Еуроодақ аймақтағы дамуды мемлекеттердегі билік жүйесін жетілдірумен ғана қамтамасыз етуге болады деп санаса, Қытай билікке араласпау қағидатын ұстанады және басқаруға қатысты ешқандай нормаларды алға тартпайды. Екі жақ та аймақта өз ықпалын күшейтуде, жұмсақ күш, яғни, білім беру, гуманитарлық салаларға мән беріп келеді.

Еуропалық Одақ пен Қытай Орталық Азияның екі жетекші доноры болып табылатындықтан, көрсететін көмегіне салыстырмалы анализ жасау олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі және еліміздің ұлттық мүддесіне сай келу тұрғысынан алғанда қалай ерекшеленетінін көрсетуге мүмкіндік береді (Bossuyt, 2018). Сонымен қатар, тәуелсіздік алған жылдардан бастап Орталық Азия аймағында Еуропалық Одақтың белсенді қатысуы байқалса, 2013-2014 жылдардан бері жағдай өзгеріп, аймақта Қытайдың қызығушылығы мен ролі артқандығын байқауға болады. Бұл өзгерістердің динамикасын талдау және себепін түсіну, кейін өз пайдасына қолдану еліміздің бүгінгісі мен болашағы үшін өзекті болып табылады.

Әдістемелік негізі мен әдебиеттік шолу

Қарастырылып отырған мәселені зерделеуде бүгінгі күні танымал болып, халықаралық саясат саласында жетекші көзқарас болып отырған неолибералдық идеяларға сүйену заңды болды. Жаһандану заманында ешбір елдің, аймақтың әлемдік даму тенденцияларынан тысқары қала алмайтыны белгілі, сондықтан да, Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан үшін әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіне ену сыртқы ықпалдардың әсерінің күшеюіне жағдай жасады. Әлеуметтік және экономикалық жағынан әлсіз, сыртқы көмекке мұқтаж елдер

аймақтан тыс акторларға есігін кең ашты. Неолиберализм тұрғысынан мұндай саясаттың күштіге де, әлсізге де берер пайдасы күмәнсіз және ол одан ары кеңейе беру керек. Әсіресе, неолиберализм аясындағы жұмсақ күш идеясы соңғы кезде кең қолданысқа ие болғанын білеміз. Қазіргі кезде әрбір өзін қуаттымын деген мемлекет жұмсақ күшті сыртқы саяси стратегиясын жүзеге асырудың ұтымды да оңтайлы құралына айналдырып отыр. Бүгінде Қазақстан және Орталық Азияның өзге елдері сыртқы акторлардың өз халқына, қоғамына тигізер ықпалының жағымды және көлеңкелі тұстарын анықтап, зерделер уақыт келді деп ойлаймыз.

Сонымен бірге, мәселені зерттеуде неоклассикалық реализм (ол конструктивизмге барынша бет бұрған) аясындағы ойларға мән берілді. Бұл теория бойынша халықаралық қатынастарда ұлттық мемлекеттердің сыртқы саяси белсенділігінің негіздерін, себептерін сол мемлекеттің ішкі жағдайы мен ондағы әлеуметтік үрдістерінен іздеуге назар аударды. Осы тұрғыдан алғанда Орта Азия елдері, оның ішінде Қазақстанда сыртқы факторлардың әсері тікелей және сөзсіз деп санау ағаттық, өйткені, оларды қоғамдардың қабылдау мәселесі туындайды. Еуроодақтың Орталық Азиядағы алдыңғы онжылдықтардағы нормативті негіздегі саясатының табысқа жетпеуінің мәні осында және Қытайдың аймақтағы саясатын сараптауда еске алынуы керек, себебі, оны қабылдаудың ұлттық ерекшеліктері мен қоғамдық көзқарастың рөлі артып отырғанын көріп отырмыз.

Мәселені зерделеуде ең алдымен батыс зерттеушілеріне көңіл аударылған, себебі олардың әдебиеттерінде Еуропалық Одақ пен Қытайдың Орталық Азиядағы қызығушылықтары мен мүдделері туралы кеңінен жазылған: S. Peyrouse (Peyrouse, 2017; Peyrouse, 2012), F. Bossuyt (Bossuyt, 2015; Bossuyt, 2018), Й. Боонстра (Боонстра, 2013), С. Wolf (Wolf, 2013), Z. Min (Min, 2017), E. Yeh (Yeh, 2016), T. Yakobashvili (Yakobashvili, 2013), M. Laruelle (Laruelle, 2018), N. Steiner (Steiner, 2013), M. Clarke (Clarke, 2014), N. Koch (Koch, 2013), H. Tian (Tian, 2018).

Сонымен қатар, бұл мемлекеттердің Қазақстанға қатысты жүргізетін саясатына бірқатар қазақстандық зерттеушілер тоқтаған: Kassenova N. (Kassenova, 2009), Bitabarova A. (Bitabarova, 2018), Gakhov S. (Gakhov, 2017), Медеубаева Ж. (Медеубаева, 2019), Toleukhanova A. (Toleukhanova, 2016), Burkhanov A. (Burkhanov, 2016).

Бірқатар ресейлік әдебиеттерде Орталық Азиядағы Еуроодақтың жаңа стратегиясының ықпалына қатысты мәселеге толығырақ көңіл бөлген: Крыжко Е. (Крыжко, 2016), Михайленко В. (Михайленко, 2019), Парамонов В. (Парамонов, 2017).

Мақалада Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігінің (Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігі, 2020), Еуропалық комиссияның (European Commission. Directorate-General for Trade, 2016), Еуропалық аудиторлар сотының (European Court Of Auditors, 2013), Швеция Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Елшілігінің (The Embassy of the Republic of Kazakhstan to the Kingdom of Sweden, 2015), Қытай Халық Республикасының мемлекеттік кеңесі ақпараттық кеңсесінің (Information Office of State Council, The People's Republic of China, 2014), Еуразиялық даму банкі интеграциялық зерттеулер орталығының (Eurasian Development Bank Centre for Integration Studies, 2016) ресми деректері келтірілген.

Зерттеу жұмысын орындауда кейс-стади тәсілімен «Еуроодақтың Орталық Азия мен Қазақстандағы саясатының көріністері мен нәтижелері», «Қытайдың Орталық Азия мен Қазақстандағы саясатының өлшемдері мен қарқыны» деген екі жеке зерттеу жүргізілді. Салыстыру тәсілі арқылы екі жақтың аймақтағы және Қазақстандағы ықпалына сараптама жасап, іске асырылуы мен нақты жағдайының негізгі мәселелерін анықтауға тырыстық. Зерттеу логикасы бойынша басты назар Қазақстанға аударылды, өйткені, бұл ел Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты аймақтық саясатында көрнекті орын алады.

Зерттеу қойылымы мен нәтижелері

Еуропалық Одақтың Қазақстан мен Орталық Азиядағы ықпалының нәтижелері мен ерекшеліктері (1-кейс қорытындылары)

Зерттеушілердің басым бөлігінің пікірінше, Еуропалық Одақ Орталық Азиядағы қауіпсіздікті дамыту мен ілгерілету үшін әлеуеті зор, әлемдік масштабтағы ең ықпалды геосаяси ойыншылардың бірі болып табылады. Біріншіден, Еуропа аймақ елдерінің ұлттық бірегейлігі мен мәдениетін қалпына келтіруде және нығайтуда айрықша рөл атқара алады. Бұл аймақ елдерінің үкіметтеріне халықтың консервативті және прогрессивті топтары арасындағы тепе-теңдікті табуға, саяси мәдениеттің өзгеруіне және одан әрі жан-жақты өзгеруге, қоғамды

модернизациялануға ынталандыру үшін жан-жақты білім беруді дамытуға қолайлы жағдай туғызуға көмектесе алар еді.

Екіншіден, жаһандық экономикалық дағдарысқа қарамастан, Еуроодақ Еуразиядағы басқа геосаяси ойыншылармен салыстырғанда жоғары технологиялар, білім және инфрақұрылым саласындағы инновацияларды қаржыландыру және Орталық Азияда ғылыми, зияткерлік және қаржылық капиталды құру үшін айтарлықтай ресурстарға ие (Михайленко, 2019).


Орталық Азия елдерімен жұмыс істеуден жиналған көпжылдық тәжірибе мен жергілікті сарапшылармен ынтымақтастығы нәтижесінде еуропалық саяси және ғылыми топтардың аймақтық ерекшеліктерді түсіне бастағаны айқын. Дегенмен, Еуропа мен Орталық Азия арасындағы өркениеттік айырмашылықтарды қабылдау көп өзгеріске ұшыраған жоқ, бұл, әсіресе, аймақтағы Еуроодақ бастаған демократияландыру жобаларынан айқын көрінеді. Еуропаның адам құқықтарын, заңның үстемдігі мен демократияны қорғаудағы әрекеттері ұзақ мерзімді мақсаттар болып табылады, олардың орындалуы, ең алдымен, білім беру мен саяси мәдениеттің өзгеруіне байланысты (Крыжко, 2016).

Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің де Еуропалық Одаққа деген қызығушылығының басты себептерін ескерген маңызды. Біріншіден, Орталық Азия екі ірі державаның, Ресей мен Қытайдың арасында орналасқан. Оның «орталықта» орналасуы және тарихы ұлы державалардың геосаяси стратегиясының танымал субъектісіне айналдырды. Қытай инвестициялары және Ресеймен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығы Орталық Азия елдерінде мойындалып, көптеген өлшемдер бойынша іске асырылып отыр, бірақ балама нұсқаларға, әртараптылыққа сұраныс жоғары. Бұл Еуропалық Одақты жағымды серіктес етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Еуроодақ Орталық Азия аймағының маңызды, геосаяси қызығушылығы төмен, бейтарап, тартымды қатысушысы ретінде көрінеді.

Екіншіден, Орталық Азия елдері өз ұлттық мүдделерін іске асырудың мүмкіндіктерін кеңейтуге тырысып отырған мемлекеттер. Олар тартымды аймақтық акторлар ретінде танылғысы келеді. Еуроодақ Орталық Азия мемлекеттерін «тануды» олармен жасасқан келісімдер арқылы жүзеге асыра алады (Михайленко, 2019). Алайда, Еуропалық Одақ өз кезегінде Орталық Азия мемлекеттерінен адам құқықтарының

халықаралық талаптарға сай сақталуын, заңның үстемдік құруын және әділетті басқарудың болуын күтеді. Осыған байланысты, Еуроодақ Орталық Азияға демократиялық институттарды дамытуда көмек ұсына алады (Боонстра, 2013).

Еуропалық Одақ, Қытай мен Ресейден кейінгі, Орталық Азия елдерінің ірі сауда және импорт серіктестерінің бірі болып табылады. Орталық Азия елдерінің ішінде ЕО Қазақстанмен байланыстарға ерекше мән береді. Оның айғағы 2015 жылы Орталық Азия елдері ішінен бірінші болып Қазақстанмен «Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім» жасады. Сөйтіп, Республиканың Еуроодақ үшін мәні бұрынғыдан жоғарырақ деңгейге көтерілді. Қазақстан Ресей және Қытаймен шекаралас, екі тараппен де тығыз қарым-қатынаста болғанына қарамастан, Еуроодақ Қазақстанның алдыңғы қатарлы сауда серіктесі және алғашқы шетелдік инвесторы болып табылады. 2019 жылы Қазақстанның Еуропалық Одақпен жалпы сауда айналымы 31 миллиард еуродан асқан болатын (Қазақстан Республикасы. Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті, 2020).



1-сурет – Мемлекеттердің Қазақстанның жалпы тауар айналымындағы үлесі, %
Қаңтар-Желтоқсан 2019*
(Қазақстан Республикасы. Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті)

2000-2014 жылдар аралығында еуропалық-қазақстандық тауар айналымы шамамен 12-13 есе өсіп, нәтижесінде Еуропалық Одақ Ресей мен Қытайдан озып, Қазақстанның жетекші сауда серіктесіне айналды (Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігі, 2020). Мине-

ралды өнімдер (мұнай өнімдері) Қазақстанның Еуропалық Одаққа экспортының жалпы көлемінің 84,8% құрады. Осы жылдар ішінде Қазақстанның Еуропалық Одаққа экспорты металдар мен шикі мұнай сияқты бірнеше тауарлармен шектелді. Сол сияқты, Еуроодақтың Қазақстанға экспорт құрылымы машиналар, көлік техникасы

мен химиялық өнімдерге негізделген (European Commission. Directorate-General for Trade, 2016).

Қазақстандағы жалпы шетелдік инвестициялардың жартысынан көбі Еуропалық Одақ елдерінен келеді. 2000-2014 жылдар аралығында Еуроодақ инвестициялары шамамен 10 есе артқанын айта кету керек.



2-сурет – Еуропалық Одақ Орталық Азияның жетекші доноры

Сонымен қатар, Еуропалық Одақтың негізгі қаржысы негізінен Қазақстан экономикасының мұнай-газ және уран салаларына шоғырланған. Қазақстаннан мұнай жеткізу қазірдің өзінде Еуроодақ импортының шамамен 18%-ын құрайды, ал уран жеткізу – Францияның ядролық энергия қажеттілігінің 25% қамтамасыз етуде (Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігі, 2020).

2005-2016 жылдар аралығында Қазақстанның ең ірі тікелей шетелдік инвесторлары Нидерланды (69,7 млрд. АҚШ доллары), АҚШ (26 млрд. АҚШ доллары), Швейцария (16,7 млрд. АҚШ доллары), Қытай (13,8 млрд. АҚШ доллары), Франция (13 млрд. АҚШ доллары), Ұлыбритания (12 млрд. АҚШ доллары) және Ресей (10,1 млрд. АҚШ доллары) болды. Алайда, Қазақстанға құйылған ірі шетелдік тікелей

инвестициялардың құрылымын талдау барысында олардың көбісі Shell (Нидерланды), TotalFinaElf және Schlumberger (Франция), ENI және Agip (Италия), REPSOL (Испания), Wintershall (Германия), Petrom (Румыния) және Statoil (Норвегия) сияқты трансұлттық корпорациялардан келіп отырғанын көре аламыз (Gakhov, 2017).

Еуроодақ инвестицияларының үштен екісі табиғи ресурстарды (негізінен мұнай, газ және металдар) барлауға және өндіруге бағытталған. Энергетика саласы Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы екіжақты қатынастарда шешуші рөл атқаратындығы сөзсіз.

Сауда қатынастарын дамытумен қатар, Еуроодақ Қазақстанды еуропалық инфрақұрылымдық бағдарламаларына тартты, бұл еліміздің кейінгі жылдардағы көптеген стратегиялық мақсаттарына әсер етті. 1996 жылдан бастап Қазақстан INOGATE бағдарламасына (Interstate Oil and Gas Transportation to Europe, Еуропаға энергия ресурстарын тасымалдауға арналған энергетикалық инфрақұрылымды қалыптастыру) қатысуда, бұл Қазақстанға айтарлықтай әсер етті (Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігі, 2020).

INOGATE бағдарламасына қосылғаннан кейін шамамен екі жыл өткен соң, Қазақстан Еуропадан Қытайға мультимодальды көлік дәлізін дамытуға бағытталған, «Еуропа-Кавказ-Азия» көлік дәлізі (ТРАСЕКА) бағдарламасының бенефициарларының бірі болды. Бағдарлама серіктес елдер арасындағы экономикалық дамуды және аймақтық ынтымақтастықты дамытуды алға қойды. Еуропалық Одақ инфрақұрылымды дамыту, заңды үйлестіру, логистика, сауданы жеңілдету және автомобиль жолдары, азаматтық авиация және теңіз көлігі қауіпсіздігін дамыту бойынша 80-нен астам жобаға 180 миллион еуродан астам қаражат бөлген болатын (European Court Of Auditors, 2013).

Жалпы алғанда Қазақстан еуропалық нарықтарға қол жеткізумен қатар, Еуроодаққа мүше мемлекеттердің жетекші экономикаларының инвестициялары мен технологияларына мұқтаж.

2015 жылы екіжақты қатынастарды тереңдету үшін және Еуроодақтың Ресей Федерациясына қойған санкцияларына қарамастан, Қазақстан негізгі инвесторлар болып табылатын және елге жаңа технологияларды енгізе алатын Еуропалық Одақтың 12 елімен визасыз режимді енгізген болатын (The Embassy of the Republic of Kazakhstan to the Kingdom of Sweden, 2015).

Соңғы онжылдықта Еуропа-Қазақстан қатынастарының күн тәртібіндегі түбегейлі маңызды тақырып кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы жаңа келісім болды (КСЫК, Agreement on Extended Partnership and Cooperation, АЕРС). Алғаш рет Еуроодақ пен Қазақстан өкілдері арасында мұндай келісімді жасау қажеттілігі туралы 2006 жылы айтылды. Соған қарамастан, КСЫК бойынша келіссөздердің белсенді кезеңі 2011 жылдан басталды. Сонымен қатар, бұл келіссөздер Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөздерге параллель жүргізді (1993 жылдан 2015 жылға дейін – Ұйымға кіру сәті). Қазақстан мен Еуроодақ Астанада 2015 жылы 21 желтоқсанда жасасқан және Қазақстан 2016 жылғы 25 наурызда ратификациялаған Келісімді 2017 жылғы 13 желтоқсанда Еуропалық Парламент мүшелері мақұлдады. Осылайша, Еуропалық Одақ Қазақстанды Аргентина, Үндістан және Оңтүстік Африка елдерімен бірге техникалық және қаржылық көмекке ерекше жағдай жасалатын стратегиялық серіктестердің қатарына қосты. Келісім экономика, энергетика, сауда, өндіріс, инвестициялар, көлік және логистика саласындағы ынтымақтастық, қауіпсіздік (тамақ өнімдерін қоса алғанда) және терроризмге қарсы күрес, саяси диалог (сот төрелігі, демократиялық институттардың дамуы, заңның үстемдігі, адам құқығы, құрылыс, негізгі бостандықтар, жеке деректерді қорғау) сияқты 29 саланы қамтиды. Осы келісім іске кірісуімен Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы саясаты айтарлықтай өзгеріске ұшырады; ол аймақтық форматтан жеке елдік форматқа ауыса бастады. Ал қазақстандық бағыт осындай өзгерістің басты айғағы болып, Еуроодақ үшін оның мәні тереңдей түсті (Медеубаева, 2019).

Еуропалық Одақ Орталық Азияда білім беру саласында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе алды. Аймақта Еуропалық Одақтың әлемде кең таралатын білім беру бағдарламалары іске қосылды: Эрасмус Мундус (Erasmus Mundus) студенттермен, ғылыми және педагогикалық кадрлармен алмасу, сонымен қатар Темпус (Trans-European Mobility Programme for University Studies – Tempus) «Болондық процесс» аясында ұлттық жоғары білім жүйесін реформалауға бағытталған бағдарламалары. Соңғысы өз атауын Болонья қаласында (Италия) еуропалық елдердің қол қойған, «Еуропалық жоғары білім аймағын біріктіруді» мақсат еткен келісімнің атын алған. Қазақстан Болон декла-

рациясына 2010 жылы қол қойды; бұл процеске Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан да қосылған болатын.

2014 жылы Эрасмус Мундус пен Темпус Еуроодақтың Эрасмус + (Erasmus+) бағдарламасымен алмастырылды – «білім беру мобильділігі, инновациялар үшін ынтымақтастық, озық тәжірибе алмасу және білім беру реформаларын қолдау». «Еуропалық жоғары білім аймағын» құрудың тағы бір басты құралы – 1999 жылы күшіне енген шетелдік біліктілікті мойындау туралы Лиссабон конвенциясы болды. Оған Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Қазақстан мен Қырғызстан қол қойды, бірақ ЮНЕСКО-ның жіктеуі бойынша Орталық Азияның басқа үш елімен бірге «Еуропа және Латын Америкасы аймағы» құрамына енді.

Жалпы, Орталық Азия елдерінің бірқатар жоғары оқу орындары (Назарбаев Университет, Қазақстан Менеджмент Экономика және Болжау Институты, ҚМЭБИ және Қазақстандағы Қазақстан-Герман Университеті; Өзбекстандағы Халықаралық Вестминстер Университеті және т.б.) еуропалық институттармен белсенді ынтымақтасатын Еуропалық білім

беру бағдарламаларының қызмет қатарына кірді. Еуропалық Одақ өзінің білім беру бағдарламалары арқылы Орталық Азиядағы саяси белсенділігін арттыруға деген ұмтылысы сәтті болды, бірақ негізінен тек Қазақстан мен Қырғызстанда, ал Орталық Азияның қалған үш елінде, еуропалық лауазымды тұлғалардың күшжігеріне қарамастан, Еуроодақ ықпалы әлсіз және тұрақсыз, Ресей мен Қытайдың әсерінен айтарлықтай төмен болып келеді (Медеубаева, 2019).

2019 жылы Еуроодақтың Орталық Азияға арналған стратегиясы қабылданады, ол алдыңғы жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, 2007 жылғы Стратегияны сыни тұрғыдан қарап, қандай бағыттағы жұмысты күшейту керек, нені өзгерту керек деген сұраққа жауап беруге тырысқан. Стратегия ынтымақтастықтың 10 негізгі бағытын біріктіретін құрылымдық құжат болып табылады, онда айқын басымдық Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Стратегия әлемде болып жатқан халықаралық процестер тұрғысынан Еуропалық Одақпен серіктестіктің салыстырмалы артықшылықтарын негіздейді.

1-кесте – Еуропалық Одақтың 2007, 2019 жылғы стратегияларының ерекшеліктері

Ұқсастықтары	2007 жылғы Еуроодақ стратегиясы	2019 жылғы Еуроодақ стратегиясы
Ынтымақтастық салалары: – Адам құқықтары – Демократизация – Білім беру – Экономикалық даму – Энергетика және көлік – Экология және су шаруашылығы – Аймақтық қауіпсіздік – Мәдениетаралық диалог	Басты назар – жаңа серіктестіктерге қол жеткізу	Басты назар – бар серіктестік қатынастарын нығайту
	Құрылымы – жалпы және жан-жақты	Құрылымы – толығырақ және нақтыланған
	Сипаттамалық сипаттағы стратегия	Сараптамалық сипаттағы стратегия
	Стратегияны іске асыру құралдарының жалпы сипаттамасы келтірілген	Әр бөлімде нақты бастамалар сипатталған
	Ауғанстан аймақтық қауіпсіздікке төнетін қатерлер тұрғысынан басым бағыт болып табылады	Қауіпсіздік саласында пайда болып жатқан жаңа қатерлерді ескеру (киберқауіпсіздік, ISIS, т.б.)
	Стратегияға бюджет бөлініп енгізілді (қаражаттың 70% екіжақты жобаларға, ал 30% аймақтық ынтымақтастықты дамытуға бөлінді)	Көбірек қаражаттың бөлінуі, қаржыландырудың басым бағыттары қосымша анықталатын болады

Қытайдың Қазақстан мен Орталық Азиядағы ықпалының өлшемдері мен барысы (2-кейс қорытындылары)

Қытайдың Орталық Азияға көрсеткен көмегі туралы ресми есептер мен жазбалар болмаса да, көбінесе миллиардтаған жобалар туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар Қытайдың аймақтағы белсенділігі соңғы

жылдары күрт өскенін және сөзсіз Еуроодақ көрсеткіштерінен асып кеткенін көрсетеді. Қытай Еуропалық Одақпен салыстырғанда, даму мақсатындағы ресми көмекті салыстырмалы түрде аз мөлшерде ұсынуы мүмкін, бірақ оның басқа да көмек түрлеріне жұмсайтын қаржы мөлшері өте үлкен. Бұл гранттар, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша көмек, гуманитарлық көмек және

элеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларын қамтиды. Қытай көрсететін көмектің басым бөлігі жеңілдетілген несиелерден тұрады (яғни, гранттық элементтері жоқ жеңілдетілген немесе төмен пайыздық несиелер, нарықтық ставкалардан төмен несиелер, инфрақұрылым мен табиғи ресурстарға мемлекеттік қолдау көрсету немесе субсидияланған инвестициялар) (Information Office of State Council, The People's Republic of China, 2014). Осылайша, Қытайдың көрсететін көмегінде даму несиелері мен инвестициялар арасындағы айырмашылық көрінбей қалады. Батыс донорларының дәстүрлі көмегінен айырмашылығы, Қытайдың көмегі донордың өзі үшін айтарлықтай пайда әкеледі, мәселен, қытайлық компаниялар тиімді ресурстар мен қолжетімді келісімшарттарға қол жеткізеді (Yeh, 2016). Алайда, көрсетілген көмегі туралы нақты ресми ақпараттың жоқтығы бағалауды қиындата түсіреді.

Қытай өзінің Орталық Азиялық көршілеріне көмекті 90-жылдардың басында бере бастады. Көбіне бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қытайлық тұтыну тауарларын сатып алуға бөлінген шағын несиелер мен гранттарға қатысты болды (Min, 2017). Қытайдың аймаққа көрсететін көмегі 2000-шы жылдардың бірінші жартысында баяу кеңейе бастады, инфрақұрылымдық жобаларды инвестициялау және қаржыландыру түрінде жүрді, кейін одан да кеңейе түсті (Wolf, 2013). 2009 жылы Қытай Қазақстанға кем дегенде \$ 10 млрд көлемінде несие пакетін бөледі (Peurouse, 2012). 2013 жылы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Орталық Азия бойынша 10 күндік сапары кезінде \$ 48 млрд. қаржы көлемінде энергетика, сауда және инфрақұрылым салаларын қамтитын Қытайдың Жібек жолы экономикалық белдеуі жоспары туралы мәлімдеді (Yakobashvili, 2013).

«Бір белдеу – бір жол» бастамасының аясындағы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы Азия мен Еуропа арасындағы көлік және энергетикалық дәліздерді кеңейтуге, жаңа көлік байланыстарын құруға бағытталған ірі инвестициялық бастама болып табылады. Жоспарын қаржыландыру үшін Қытай Орталық Азия мен Батыс елдерінде автомобиль жолдарын, жоғары жылдамдықты теміржол желілері мен энергетикалық құбырларын салуды қаржыландыруға бағытталған Қытай даму банкі басқаратын 40 миллиард долларлық Жібек жолы қорын іске қосты. Дамудың өзіндік моделінен қатты шабыт алған Қытай «өндірістік инфрақұрылымды құру және жетілдіру экономи-

калық өсуге, жеке кәсіпкерлікке және жұмыспен қамтуға ықпал етеді және аймақтық байланысты күшейтеді» деген пікірді ұстанады (Yeh, 2016).

Өндіруші және тау-кен секторларындағы жұмыстар үшін Қытай Анголан атты нақты несие сызбасын қолданады, оған сәйкес несиелер табиғи ресурстар түрінде қайтарылған жағдайда беріледі (Kassenova, 2009). Мұндай несиелер қазіргі уақытта Қытай мемлекетінің барлық негізгі қарыздары болып табылатын Орталық Азияның барлық бес мемлекетіне берілді. Қытай Қазақстанның мұнайына, уранына, алтын мен мысына, Түркіменстан мен Өзбекстанның газына, Қырғызстанның гидроэнергетикасы мен алтынына, Тәжікстанның гидроэнергетикасы мен алюминийіне үлкен қызығушылық танытады. Тиісінше, Орталық Азиядағы қытай қарыздары мен тікелей шетелдік инвестицияларының айтарлықтай бөлігі өндіруші және энергетикалық көлік салаларына беріледі (Bossuut, 2018). Бұл салалардағы ірі жобаларға Қазақстан аумағындағы мұнай кен орындарын Шыңжаңдағы мұнай өңдеу зауыттарымен байланыстыратын Атырау-Алашанькоу мұнай құбыры және Түркіменстаннан Өзбекстан мен Қазақстан арқылы Қытайға газ тасымалдайтын Қытай-Орталық Азия газ құбыры кіреді.

Бірнеше жылдың ішінде Қытай аймақтағы ірі донорға айналды. Бүгінгі таңда оның көмегі бірінші кезекте инфрақұрылымды, атап айтқанда, көлік инфрақұрылымын (жолдар, туннельдер, көпірлер мен теміржолдар, әсіресе Қырғызстан мен Тәжікстандағы) және өндіруші инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған (Min, 2017). Бір қызығы, америкалық зерттеуші Марлен Ларуэльдің айтуы бойынша: «Бір белдеу – бір жол» іске қосылғаннан бастап, Қытай Орталық Азиядағы жүзеге асырылып жатқан және аяқталған көптеген жобаларды аталмыш бағдарламаның қолшатырының астына орналастырды (Laguette, 2018). Инфрақұрылымға басты назар Жібек жолының экономикалық белдеуін одан әрі кеңейтуге бағытталған. Жібек жолының экономикалық белдеуін құрайтын алты дәліздің екеуі Орталық Азиядан өтеді: жаңа Еуразиялық құрлық көпірі және Қытай-Орталық Азия-Батыс Азия дәлізі. Осы уақытқа дейін бағдарлама аясында аймақтағы үш теміржол байланысы құрылды: Қазақстанды Қытаймен байланыстыратын Қорғас құрғақ порты; Қазақстан, Түрікменстан және Иран арқылы өтетін Өзен Берекет-Горган және Өзбекстандағы Поп-Ангрен.

Қытайдың Қазақстандағы тікелей инвестицияларының көлемі, әсіресе, энергетика (мұнай)

және көлік салаларында айтарлықтай өсіп келеді. Сонымен қатар, 2015 жылы Қытай өзінің «Жаңа Жібек жолы» аясында Қытай-Қазақстан инвестициялық бағдарламасы негізінде шикізаттық емес секторларға арналған 55 жаңа инвестициялық жобаны іске қосатындығы туралы хабарлаған болатын (Eurasian Development Bank Centre for Integration Studies, 2016). Жобалар металлургия, мұнай мен газды өңдеу, химия, ма-

шина жасау, энергетика, көлік, құрылыс материалдары өндірісі және аграрлық-өнеркәсіптік кешен сияқты түрлі салаларды қамтиды. Олардың географиясы Қазақстанның барлық аймақтарына таралған. Айта кету керек, 2015 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жалпы құны 3 957 миллион долларды құрайтын 15 жоба іске қосылды, құны 3,774 миллион долларды құрайтын 11 жоба іске асырылуда, қалған 29 жоба қарастырылуда.

2-кесте – ҚР-дың аймақ бойынша жоба құны

Аймақ	Жоба құны, \$ миллион	Тұрақты жұмыс (орындар саны)
Аяқталды (15 жоба)		
Павлодар облысы	12	953
Қостанай облысы	1 132	890
Солтүстік Қазақстан облысы	19	64
Алматы облысы	183	208
Түркістан облысы	42	218
Шымкент	2150	2 696
Қызылорда облысы	375	486
Нұр-Сұлтан	13	Ақпарат берілмеген
Шығыс Қазақстан облысы	27	15
Жүзеге асырылуда (11 жоба)		
Алматы қаласы	477	1 030□
Шығыс Қазақстан облысы	204	149
Атырау облысы	2 630	550
Жамбыл облысы	190	380
Қарағанды облысы	25	120
Ақтөбе облысы	39	428
Маңғыстау облысы	60	53
Ақмола облысы	70	200
Қостанай облысы	50	15
Нұр-Сұлтан	1 500	500
Қарастырылуда (29 жоба)		
Ақтөбе облысы	63	295
Қарағанды облысы	2 790	3 208
Павлодар облысы	4 305	4725
Алматы облысы	3 491	4 295
Шығыс Қазақстан облысы	100	15
Түркістан облысы	315	500
Қызылорда облысы	275	699
Маңғыстау облысы	97	209
Қостанай облысы	250	500
Батыс Қазақстан облысы	354	150
Жамбыл облысы	600	320
Шымкент	189	1 300

Қазақстандық-қытайлық бағдарламасы аясындағы өнеркәсіптік және инвестициялық ынтымақтастықты іске асыру арқылы бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған кәсіпорындар құру жоспарланып отыр. Жобалар 20 мыңға жуық жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, олардың 90%-дан астамы Қазақстан азаматтарын қамтиды. Соңғы өнім автомобильдер, мұнай-газ жабдықтары, болат құбырлар, арнайы қорытпалар, алғашқы алюминий, сода, полипропилен, рапс майы және ет өнімдері болады. Сонымен қатар, энергетика, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп және инфрақұрылымды дамыту сияқты салаларда жобалар іске асырылатын болады (Eurasian Development Bank Centre for Integration Studies, 2016).

Мамандардың айтуы бойынша еліміздің түрлі аймақтарында жүзеге асырылатын барлық жобаларда заманауи технологиялар қолданылады. Құрылыс өнімнің қауіпсіздігіне, экологиялық және басқа стандарттарға қатысты барлық рұқсаттар мен келісімдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Барлық жобалар мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алуы керек, сол кезде өндірістік объектілерді салуға рұқсат етіледі (Bitabarova, 2018).

Қытайдың Орталық Азиядағы және өзге де көрші аймақтарда «Бір белдеу – бір жол» аясында жүзеге асырылып жатқан жобаларының астарында не бар деген мәселе жөнінде зерттеушілер арасында ауызбіршілік жоқ, тіпті ғылыми дау орын алып отыр десе де болады. Бірқатар зерттеушілер өзінен әлеуеті төмен елдермен қатынасында Қытайдың «теңдік және екі жақты пайдалылық» принципін ұстануы күмәнді екенін атап өтеді (Bitabarova, 2018).

Қытаймен екі арадағы байланыстардың одан ары күшеюіне әсер етуі мүмкін фактор Орталық Азия елдеріндегі, соның ішінде, Қазақстанда алып көршіге қатысты қоғамдық пікірдің жайы болып табылады. Қытайлық жобалар мен қаржы Қазақстанның тау-кен және транзиттік әлеуетін ашуға бағытталғанына қарамастан, қоғамдық пікірде Қытайдың саясаты мен ықпалына қатысты алаңдаушылықтар аз емес (Steiner, 2013). Мәселен, Қазақстан шетелдіктер үшін ауылшаруашылық жерлерін ең жоғарғы жалдау мерзімін 10 жылдан 25 жылға дейін ұзарту туралы заң қабылдаған кезде бұл заң барлық шетелдіктерге қолданылатынына қарамастан, 2016 жылдың көктемінде халықтың арасында қытайлықтарға қарсы наразылық туын-

дады (Toleukhanova, 2016). Қазақстандық эксперттер елдегі қытайлық мүдделер мен қызығушылықтарына бейтарап түрде қарағанмен, жалпы қоғамдық пікір Қытайға қарсы болып отыр (Clarke, 2014). Сонымен қатар, шетелдік әдебиеттерге сәйкес, Қазақстандағы әр түрлі баспасөз беттеріндегі ақпарат пен сараптамалық дүниелерді дискурстық талдау кезінде Қытайға деген көзқарастардың екіге бөлінетіндігі көрінеді. Ресми баспасөзде Пекинмен арадағы ынтымақтастықты қолдау саясаты кең көрініс тапса, бейресми қазақ және орыс тілді газеттер мен журналдар Қытайға қатысты кең таралған скептицизм мен теріс стереотиптер туралы ашық айтып, талқыға салады (Burkhanov, 2016). Қытайға қарсы үлкен әлеуметтік алаңдаушылық ішкі сыбайлас жемқорлықты Қытайдың Қазақстанның экономикалық мүдделеріне араласуымен байланыстырады (Koch, 2013).

Жалпы алғанда, 2013 жылдың қыркүйегінде өзінің «Бір белдеу – бір жол» бастамасын жариялау үшін Қытай басшысының Қазақстанның Астанасын таңдауы кездейсоқ жағдай емес. Қазақстан да Қытайдың осы бастамасына бет бұрды. Сондықтан ол Қытайдың көмегін өзінің «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту жоспарына бейімдеу туралы бастама көтерген болатын. Бүгінгі күнгі жағдайда мемлекет елге қытайлық инвестициялардың келуін және жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, Қытай мен Қазақстан азаматтары арасындағы әлеуметтік қатынастарды бақылап отыр. Соның нәтижесінде Қытай жағы Қазақстанда шектеулі қоғамдық сынға алыну да және екі ел арасындағы серіктестіктің оң нәтижесін көруде (Tian, 2018).

Қорытынды

Екі алып державалар, Ресей мен Қытайдың орталығында орналасқан Қазақстан үшін геосаяси қызығушылығы аз Еуропалық Одақ сияқты нейтралды балама нұсқасын теңгерім үшін ұстау маңызды болып табылады. Сонымен қатар, Еуропалық Одақпен экономикалық ынтымақтастық энергия экспортына қатты тәуелді, онымен бірге жаппай еңбек көші-қонынан зардап шегіп отырған Орталық Азияның экономикасын диверсификациялауға көмек көрсете алуы сөзсіз.

Еуроодақ пен Қазақстанның экономикалық ынтымақтастықты, оның ішінде сауданы диверсификациялау мен инвестицияларды ілгерілетуге деген екіжақты талпынысы айқын.

Алайда қойылған міндеттемелерді тиімді іске асырудағы кедергілердің бірі жобаларды іске асыруға Еуропалық Одақтың бөлетін қаржысының жеткіліксіздігі себеп болуда. Еуропалық Одақтың қолдауының 2014–2020 жылдар аралығында 56%-ға өсуіне қарамастан, бөлінген € 1 миллиард сомасы осы кезде Қытай бөлген қаражаттан («Жібек жолы экономикалық белдеуі» мен «Теңіз Жібек жолы» бағдарламалары аясында \$ 30 миллиард) аз екені белгілі.

Еуропалық Одақтың Қазақстанға айтарлықтай жоғары экономикалық әсеріне қарамастан, елдегі позицияларының елеулі тәуекелдерге ұшырау мүмкіншілігі бар. Қазіргі таңда Қытай Қазақстанның мұнай-газ саласынан батыстық компанияларды ығыстыруда. Егер осы ғасырдың басында Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одақтың бизнес құрылымдары Қазақстандағы мұнай өндірісінің 70%-дан астамын бақыласа, 2014 жылы ол 50%-дан сәл аз болды. Керісінше, Қытайдың Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ықпалы тұрақты түрде өсті. Қазіргі уақытта қытайлық компаниялар Қазақстандағы мұнай өндірісінің 25%-дан астамын бақылайды (Парамонов, 2017) және бұл үрдіс жалғасуы әбден мүмкін.

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы экономикалық қызығушылығы іс жүзінде тек мұнай мен уранмен ғана шектелгендіктен, еуропалық-қазақстандық ынтымақтастықтың болашағы негізінен Еуропаның энергия көздеріне деген қажеттілігімен анықталады. Егер «Теңіз» және «Қарашығанақ» сияқты ең ірі кен орындарының, сонымен бірге Солтүстік

Каспий жобасының өндірісі төмендесе немесе сәтсіздікке ұшыраса, Еуроодаққа мүше елдердің көптеген компаниялары Қазақстаннан кетіп қалуы мүмкін. Мұнай бағасының төмендеуі, Қазақстандағы көптеген мұнай өндіру жобаларын қаржылық жағынан өте қымбат және / немесе тіпті тиімсіз етеді.

Қазақстандағы еуропалық ықпалдың тұрақты түрде артуы Еуропа-Қазақстан экономикалық қатынастарының форматы күрт өзгерген жағдайда ғана мүмкін деп болжауға болады. Бұл ең бастысы Қазақстанның Еуропалық Одақ үшін шикізат көзі мәртебесінен (сол сияқты Қытай үшін шикізат көзі мәртебесінен) шығу жөніндегі саяси ерік-жігерін талап етеді. Сонымен қатар, еуропалық бизнес қазақстандық экономиканың өңдеуші салаларын дамытуға қызығушылық таныта бастауы керек (Парамонов, 2017).

Жалпы алғанда, Орталық Азия, оның ішінде Қазақстанда Еуропалық Одақ пен Қытайдың ықпалын тікелей салыстыру қайсысының ондағы ықпалы басым деген сұраққа бірыңғай жауап беруі мүмкін емес. Еуропалық Одақтың ықпалы екі он жылдық ішінде институционалданып, жүйелі арнаға түскен. Оның ұзақ уақытқа созылар әсері де көлемді және айшықты, мысалы, Қазақстанда білім беру жүйесі толықтай еуропалық қалыпқа көшуінің өзі оның қазіргі кездегі және болашақтағы әсерінің тұрақтылығын көрсетеді. Ал Қытай ықпалы негізінен экономикалық сипатта, оның соңғы жылдары күрт өрлеуінің салдары жуық арадағы перспективада қатты сезіледі және ол жан-жақты зерттеледі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- Bitabarova Assel G. Unpacking Sino-Central Asian engagement along the New Silk Road: a case study of Kazakhstan // *Journal of Contemporary East Asia Studies*, 7:2, DOI: 10.1080/24761028.2018.1553226, 149-173. 2018.
- Bossuyt, F. Engaging with Central Asia: China Compared to the EU. // *China, the EU and the Developing World. A Triangular Relationship*, 210–235. 2015.
- Bossuyt, F. The EU's and China's development assistance towards Central Asia: low versus contested impact // *Eurasian Geography and Economics*, 59 (5-6), 606-631. 2018.
- Burkhanov A. and Chen Y. Kazakh Perspective on China, the Chinese, and Chinese Migration. // *Ethnic and Racial Studies* 39, no. 12, 2144. 2016.
- EU Development Assistance To Central Asia. // *European Court Of Auditors*. Retrieved from https://ec.europa.eu/europeaid/regions/central-asia/eu-support-transport-development-central-asia_en. 2013.
- European Union, Trade in goods with Kazakhstan. // *European Commission. Directorate-General for Trade*. Retrieved from http://trade.ec.europa.eu/doclib/docs/2006/september/tradoc_113406.pdf. 2016.
- Factsheet on the visa-free regime. // *The Embassy of the Republic of Kazakhstan to the Kingdom of Sweden*. Retrieved from <http://www.kzembassy.se/index.php/en/last-news/1929-factsheet-on-the-visa-free-regime>. 2015.
- Gakhov S. Diversification of Investment. // *Invest in Kazakhstan. Foreign direct investments*. Retrieved from <http://www.investkz.com/en/journals/105/841.html>. 2017.
- Kassenova, N. China as an Emerging Donor in Tajikistan and Kyrgyzstan. // *Russie.Nei.Visions*. 36 vols. Paris: Ifri Russia/NIS Center. 2009.

Koch N. Kazakhstan's Changing Geopolitics: The Resource Economy and Popular Attitudes about China's Growing Regional Influence. //Eurasian Geography and Economics 54, no. 1, 127. 2013.

Laruelle, M. Introduction. China's Belt and Road Initiative. Quo Vadis? //In China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia, edited by M. Laruelle, Washington D.C.: George Washington University, Central Asia Program, 1–10. 2018.

Michael Clarke. Kazakh Responses to the Rise of China: Between Elite Bandwagoning and Societal Ambivalence? //Asian Thought on China's Changing International Relations. New York: Palgrave Macmillan, 155. 2014.

Min, Z. China's Aid Diplomacy to Central Asian Countries and Its Influence. //In China's Foreign Aid. Sixty Years in Retrospect, 247–280. – Singapore: Springer. 2017.

Monitoring and analysis of direct investments in EAEU and Eurasia. //Eurasian Development Bank Centre for Integration Studies Report 41: 27, 42, 57. 2016.

Peyrouse S., Boonstra J. and Laruelle M. Security and Development in Central Asia: The EU Compared to China and Russia // EUCAM Working Papers 11, Center for European Policy Studies, Brussels., 2012.

Peyrouse, S. A Donor without Influence: The European Union in Central Asia // PONARS. Eurasia Policy Memo, 478. Retrieved from http://www.ponarseurasia.org/sites/default/files/policy-memos-pdf/Pepm478_Peyrouse_June2017_1.pdf. 2017.

Steiner, N. Chinese Migration to Central Asia: Contrasting Experiences between Kazakhstan and Kyrgyzstan. 2013.

Tian H. China's Conditional Aid and Its Impact in Central Asia. //China's Belt And Road Initiative And Its Impact In Central Asia. Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 21–22. 2018.

Toleukhanova A. Kazakhstan & China: Fear, Loathing and Money. // Eurasianet. 2016.

White paper on China's Foreign Aid. Information Office of State Council, The People's Republic of China. Retrieved from http://news.xinhuanet.com/english/china/2014-07/10/c_133474011.htm. 2014.

Wolf, C., X. Wang, and E. Warner. China's Foreign Aid and Government-Sponsored Investment Activities. //Scale, Content, Destinations, and Implications. Washington DC: Rand Corporation. 2013.

Yakobashvili, T. A Chinese Marshall Plan for Central Asia? //Central Asia-Caucasus Analyst, 15, 3–6. 2013.

Yeh, E. T., and E. Wharton. Going West and Going Out: Discourses, Migrants, and Models in Chinese Development. //Eurasian Geography and Economics, 57, 286–315. doi:10.1080/15387216.2016.1235982. 2016.

Боонстра Й., Ляруэль М. Сотрудничество ЕС и США в Центральной Азии: параллели пересекаются в бесконечности? URL: <https://eucentralasia.eu/ru/2013/07/eu-us-cooperationin-central-asia-parallel-lines-meet-in-infinity-ru/>. 2013.

Европейская дипломатия: теория и практика: учебное пособие / Под редакцией Ж.М. Медеубаевой. – Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – С. 211.

Крыжко Е.В. Внешнеполитическая стратегия Европейского Союза в центрально-азиатском регионе (1991–2015 гг.) // International scientific review. 2016. № 12. – С. 79–81.

Қазақстан және ЕО. Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігі. URL: https://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/1367/node/1367_en. 2020.

Қазақстан Республикасы. Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6>. 2020.

Михайленко В. И., Рустами С. На пути к новой стратегии Европейского Союза для Центральной Азии //История и современное мировоззрение. – №. 3. – 2019.

Парамонов В.В., Строков А.В., Абдуганива З.А. Влияние Европейского Союза на Центральную Азию: обзор, анализ и прогноз. / под общей редакцией и руководством В.В. Парамонова. – Алматы: Фонд им. Фридриха Эберта, 2017. – 117 с.

References

Bitabarova Assel G. (2018) Unpacking Sino-Central Asian engagement along the New Silk Road: a case study of Kazakhstan //Journal of Contemporary East Asia Studies, 7:2, DOI: 10.1080/24761028.2018.1553226, 149-173.

Boonstra J., Ljarujel' M. (2013) Sotrudnichestvo ES i SSHa v Central'noj Azii: paralleli peresekajutsja v beskonechnosti? [EU-US Cooperation in Central Asia: Parallels Endlessly?]. Retrieved from <https://eucentralasia.eu/ru/2013/07/eu-us-cooperationin-central-asia-parallel-lines-meet-in-infinity-ru/> (In Russian)

Bossuyt, F. (2015) Engaging with Central Asia: China Compared to the EU. // China, the EU and the Developing World. A Triangular Relationship, 210–235.

Bossuyt, F. (2018) The EU's and China's development assistance towards Central Asia: low versus contested impact //Eurasian Geography and Economics, 59 (5-6), 606-631.

Burkhanov A. and Chen Y. (2016) Kazakh Perspective on China, the Chinese, and Chinese Migration. //Ethnic and Racial Studies 39, no. 12, 2144.

EU Development Assistance To Central Asia. (2013). European Court of Auditors. Retrieved from https://ec.europa.eu/europe-aid/regions/central-asia/eu-support-transport-development-central-asia_en.

European Union. (2016) Trade in goods with Kazakhstan. //European Commission. Directorate-General for Trade. Retrieved from http://trade.ec.europa.eu/doclib/docs/2006/september/tradoc_113406.pdf.

Factsheet on the visa-free regime. (2015) The Embassy of the Republic of Kazakhstan to the Kingdom of Sweden. Retrieved from <http://www.kzembassy.se/index.php/en/last-news/1929-factsheet-on-the-visa-free-regime>.

Gakhov S. (2017) Diversification of Investment. //Invest in Kazakhstan. Foreign direct investments. Retrieved from <http://www.investkz.com/en/journals/105/841.html>.

- Kassenova, N. (2009) China as an Emerging Donor in Tajikistan and Kyrgyzstan. //Russie.Nei.Visions. 36 vols. Paris: Ifri Russia/NIS Center.
- Koch N. (2013) Kazakhstan's Changing Geopolitics: The Resource Economy and Popular Attitudes about China's Growing Regional Influence. //Eurasian Geography and Economics 54, no. 1, 127.
- Kryzhko E.V. (2016) Vneshnepoliticheskaja strategija Evropejskogo Sojuza v central'no-aziatskom regione (1991–2015 gg.). [Foreign Policy Strategy of the European Union in the Central Asian Region (1991–2015)]. International scientific review. № 12. pp. 79–81. (In Russian)
- Laruelle, M. (2018) Introduction. China's Belt and Road Initiative. Quo Vadis? //In China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia, edited by M. Laruelle, Washington D.C.: George Washington University, Central Asia Program, 1–10.
- Medeubaeva Zh. (2019) Evropejskaja diplomatija: teorija i praktika: Uchebnoe posobie. [European Diplomacy: Theory and Practice: A Study Guide]. Nur-Sultan: ENU im. L.N. Gumileva, – p. 211. (In Russian)
- Michael Clarke. (2014) Kazakh Responses to the Rise of China: Between Elite Bandwagoning and Societal Ambivalence? //Asian Thought on China's Changing International Relations. New York: Palgrave Macmillan, 155.
- Mihajlenko V. I., Rustami S. (2019) Na puti k novoj strategii Evropejskogo Sojuza dlja Central'noj Azii. [Towards a new European Union strategy for Central Asia]. Istorija i sovremennoe mirovozzrenie. № 3. (In Russian)
- Min, Z. (2017) China's Aid Diplomacy to Central Asian Countries and Its Influence. //In China's Foreign Aid. Sixty Years in Retrospect, 247–280. – Singapore: Springer.
- Monitoring and analysis of direct investments in EAEU and Eurasia (2016) //Eurasian Development Bank Centre for Integration Studies Report 41: 27, 42, 57.
- Paramonov V.V., Stokov A.V., Abduganiva Z.A. (pod obshhej redakciej i rukovodstvom Paramonova V.V.). (2017) Vlijanie Evropejskogo Sojuza na Central'nuju Aziju: obzor, analiz i prognoz. [Impact of the European Union on Central Asia: Overview, Analysis and Forecast]. Almaty: Fond im.Fridriha Jeberta. p. 117. (In Russian)
- Peyrouse S., Boonstra J. and Laruelle M. (2012) Security and Development in Central Asia: The EU Compared to China and Russia //EUCAM Working Papers 11, Center for European Policy Studies, Brussels.
- Peyrouse, S. A (2017) Donor without Influence: The European Union in Central Asia // PONARS. Eurasia Policy Memo, 478. Retrieved from http://www.ponarseurasia.org/sites/default/files/policy-memos-pdf/Pepm478_Peyrouse_June2017_1.pdf.
- Qazaqstan jāne EO. Qazaqstan Respublikasyndaǵy Europalyq Odaǵ Ökildigi. (2020) [Kazakhstan and the EU. Delegation of the European Union to Kazakhstan]. Retrieved from https://eas.europa.eu/delegations/kazakhstan/1367/node/1367_en
- Qazaqstan Respublikasy. Últyq ekonomika ministrlyǵy. Statistika komiteti. (2020) [Republic of Kazakhstan. Ministry of National Economy. Statistics Committee]. Retrieved from <https://stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6>
- Steiner, N. (2013) Chinese Migration to Central Asia: Contrasting Experiences between Kazakhstan and Kyrgyzstan.
- Tian H. (2018) China's Conditional Aid and Its Impact in Central Asia. //China's Belt And Road Initiative And Its Impact In Central Asia. Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 21-22.
- Toleukhanova A. (2016) Kazakhstan & China: Fear, Loathing and Money. // Eurasianet.
- White paper on China's Foreign Aid. Information Office of State Council, The People's Republic of China (2014). Retrieved from http://news.xinhuanet.com/english/china/2014-07/10/c_133474011.htm.
- Wolf, C., X. Wang, and E. Warner. China's Foreign Aid and Government-Sponsored Investment Activities. //Scale, Content, Destinations, and Implications. Washington DC: Rand Corporation. 2013.
- Yakobashvili, T. A (2013) Chinese Marshall Plan for Central Asia? //Central Asia-Caucasus Analyst, 15, 3-6.
- Yeh, E. T., and E. Wharton. (2016) Going West and Going Out: Discourses, Migrants, and Models in Chinese Development. // Eurasian Geography and Economics, 57, 286–315. doi:10.1080/15387216.2016.1235982.